

**2022 жылдың ақпан айының 3-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Ақпанның үшінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінің, оңтүстік-шығысының және батысының күздік дәнді дақылдар себілген аудандарында температуралық фон нормадан 2...8°C жоғары болып, барлық жерлерде нормадан төмен шамалы жауын-шашын жауған. Мұндай метеорологиялық жағдайлар оңтүстік облыстарда күздік бидайдың қыстау кезеңінің айтарлықтай қиындықсыз өтуіне қолайлы болған.

Түркістан облысының Екпінді және Қазығұрт станцияларының маңайында «көктеу» және «3-ші жапырақ» даму фазасындағы күздік бидайдың, сондай-ақ Шымкент және Қазығұрт станцияларының маңайында жоңышқа шөптерінің қайта өсіп-өнуі байқалған.

Батыс Қазақстан облысында тұрақты қар жамылғысы (24-27 см) байқалған, бұл күздік дәнді дақылдардың қысқа төзімділігіне қолайлы әсер етеді.

Алматы облысында күздік бидайдың түптену тереңдігіндегі (3 см) топырақтың минималды температурасы минус 2...6°C, Жамбыл облысында минус 2°C және Түркістан облысында 0°C плюс 1°C дейін болған.

Жайылымдық мал шаруашылығы аумағындағы ауа райы жағдайлары жайылатын малдардың тіршілігі үшін қолайлы болған. Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында, Қостанай облысының Арқалық ауданында және Қарағанды облысының Шет ауданында малдарды қорада ұстауда.

Жайылымдар бірқалыпты және қатты тапталған, шымның жағдайы қатқақ және дымқыл. Жер отының жағдайы негізінен қанағаттанарлық, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы, Алматы облысының Қаратал ауданындағы, Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданындағы және Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданындағы жер оты нашар деп бағаланған.

Онкүндік бойы жайылымдық мал шаруашылығы аумағында қатты жел, боран, мұз қабаты, көктайғақ құбылыстары байқалған, олар тіршілік әрекеті үшін үлкен қауіп төндіреді.

Мал жаю үшін қиындық тудырған қолайсыз метеорологиялық құбылыстардың салдарынан мал жайылмаған күндер саны Ақтөбе облысында (Нұра станциясы) 2 күнді құраған, сондай-ақ қырау және тереңдігі 22 см қар жамылғысының тығыздығы 0,31 г/см³ болуы жайылымдарда мал жаюға кедергі келтірген.

Қостанай облысында 2 күн бойы қатты бұрқасын немесе қатты жаяу бұрқасын байқалған.

Қарағанды облыстарының кей жерлерінде ұсақ малдардың тұяғы бұза алмайтын, қалың мұз қабыршығы байқалған.

Ақтөбе облысының жайылымдарында 10 тәулік бойы, Атырау облысында 1-3 тәулік бойы мұз қабатының бұркеп жатуы салдарынан шөп малдарға қол

жетімсіз болатын, шөп отына мұз қатуға және мұз қабыршағының пайда болуына әкелетін көктайғақ құбылыстары байқалған.

Қойларды жаюға қиындық келтіретін қырау және шөп сабақтарының мұздануы жайылымдық мал шаруашылығының барлық аумағында дерлік байқалған.